



**И.Журба атындағы жалпы орта мектебінің педагог- психологтары
Ұ.Жусупова мен П.Исаеваның**

**2021-2022ж I жарты жылындағы атқарылған жұмыстары бойынша
есепі**

Тамыз айында педагог- психологтың жылдық жоспары бекітіліп, үйден оқыту сыныптарының сабақ кестелері құрылып, мұғалімдерге бұйрық шығарылып бекітілді. Сол жоспар бойынша I -жарты жылдықта төмендегі жұмыстар атқарылды.

1 сынып оқушыларынан (Керн- Йирасек) "Адам суретін" салу, "Сөздер көшірмелері", "Нүктелер көшірмесі" әдістемелері алынып мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтап, мәлімет берілді.



Үйде оқыту бойынша 8 оқушының ата-анасымен таныстырылып , құжаттары дайындалып, үйден оқыту мұғалімдерімен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйек айында 1-4 сынып аралығында оқушылардың педагогикалық, психологиялық мінездемелері беріліп,диагностикалық карталары жасалды. 1-11 сыныптардан темперамент тесттері алынып, оқушылардың қай типке жататыны анықталды. Атап айтқанда оқушылардың 50 % Сангвиник, 20% Флегматик, 10% холерик, 5% меланхолик, 15% аралас типке жататыны анықталды.



Сонымен қатар «БЕС ТЕРЕК» жобасы бойынша әр сыныптардан «Ағаш, үй, адам» әдістемесі алынып қорытындылары жасалды. Мектеп оқушылармен тығыз қарым – қатынаста болу және ҰБТ тапсыратын оқушылар және ата-аналарына психологиялық кеңес берілді.




11 сыныптар арасында «ҰБТ-ға қатай дайындалуға болады?» атты тренинг өткізілді. Нәтижесінде оқушылардың ҰБТ туралы түсініктері қалыптасты.



Қараша айында 9-11 сынып қыздарынан медбикенің қатысуымен «Ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында жұмыстары жүргізіліп, баяндама оқылды.



Сұлулық пен қыз егіз тақырыбында сұрақ – жауап ату үстінде.



Мүмкіндігі шектелген оқушылармен «Қайырымдылық жаса» іс-шарасы бойынша сыйлықтар табысталу үстінде



«Қызды қырық үйден тыю» тақырыбында жиналыс. Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз баланың бойына рухани адамгершілік, әдептілік, сынайылық, татаулық қасиеттерді дамыту.



«Есірткісіз болашаққа» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Мақсаты: жас ұрпақты адам денсаулығының қымбаттылығын, бағалы байлық екенін түсіндіру.

I жарты жылдық жоспар бойынша атқарылатын жұмыстар орындалды.

Педагог – психологтар:

Orl Ү.Жусупова
Ilia П.Исаева